



СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

3-деңгейлі СМЖ құжаты

2018 жылғы «14» 08
№ 3 басылым

Е 029-06-46.8.1 – 2018

**«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗҰТЗУ» КЕАҚ
ЖАТАҚХАНАЛАРЫНДА ТҰРУ**

ЕРЕЖЕСІ

Е 029-06-46.8.1 – 2018

Алматы 2018

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Студенттік мәселелер жөніндегі департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Студенттік мәселелер жөніндегі
департаментінің директоры
«30» 07 2018 ж.

Р.Кельтенов

2 КЕЛІСІЛДІ

Ректор аппаратының басшысы
«9» 08 2018 ж.

Б.Мықтыбаев

Академиялық жұмыс жөніндегі проректор
«8» 08 2018 ж.

Р.Иекаков

Қаржы директоры-Корпоративтік даму
департаментінің директоры
«7» 08 2018 ж.

Д.Софиев

Қызметкерлерді басқару департаментінің
директоры
«6» 08 2018 ж.

А.Исаева

/Шұғыл қызмет көрсету орталығының
директоры
«3» 08 2018 ж.

К.Нұрымбетов

Лицензиялау, сертификаттау және білім
сапасын бақылау басқармасының бастығы
«2» 08 2018 ж.

А.Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы
«1» 08 2018 ж.

Д.Кульджанова

Мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы
«31» 07 2018 ж.

Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2018 жылғы «14» 08 №33 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 №2 23.09.2016 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

Мазмұны

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Жатақханадан орын беру тәртібі	4
4 Кіргізу және шығару тәртібі	5
5 Ішкі тәртіп	7
6 Жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері	9
7 Жауапкершілік және тәртіптік жазалау шаралары	10
Өзгерістерді тіркеу парағы	12

1 Жалпы ереже

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ жатақханаларында тұру ережесі (бұдан әрі – Ереже) – Алматы қаласы Сәтбаев көшесі, 22 үйіндегі №1, 2, 3, 4-жатақханалар, Төле би көшесі, №124-үйдегі №5 жатақхана, Байтұрсынов көшесі, 147б-үйдегі Жас ғалымдар үйі мекен-жайларында орналасқан жатақханаларда тұру құқықтары мен міндеттері, ішкі тәртіп ережелері, орын беру және кіргізу тәртібін регламенттейді.

2 Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы;

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 06 тамыздағы №875 «Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» қаулысы;

- 2017 жылғы 29 желтоқсандағы «Білім алушыларға академиялық қолдау көрсету» ҚазҰТЗУ 715 ҚП.

3 Жатақханалардан орын беру тәртібі

3.1 Жатақханадан орын беріледі:

- ата-анасының екеуі немесе біреуі мүгедек болған кезде, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедек балаларға, I және II топтағы мүгедектерге, бала кезден мүгедектерге, мүгедектер қатарындағы мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға;

- кәмелет жасқа жеткен кезге дейін ата-ана қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы тұлғаларға, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға түскен ауыл жастары қатарындағы тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын шетелден келген қазақ ұлтынан тұлғаларға және халықаралық келісім бойынша «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ білім алатын басқа ел азаматтарына;

- ұйым өткізген пәндерден түсу емтихандарының немесе тестілеу түріндегі Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешендік тестілеу қорытындылары бойынша жоғары балдары бар, мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес бірінші курсқа оқуға қабылданған білім алушыларға;

- жатақханаларда тұрған кезде тәртіптік жазаланбаған 2-3-курс студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға (Жас ғалымдар үйі).

4 Кіргізу және шығару тәртібі

4.1 3.1-тармақта көрсетілген тұлғаларды жатақханаға кіргізген кезде береді:

- Студенттік мәселелер жөніндегі департаменті (бұдан әрі – Департамент) директоры мен Студенттік жатақханалар басқармасы (бұдан әрі – СЖБ) басшысының қолы қойылған институт директорының атына жазылған өтініш;
- тараптармен қол қойылған жатақханалардан орын жалдау келісім-шарты;
- Медициналық тексеру мен флюорографиядан өту туралы «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Медициналық бақылау және алдын алу қызметінде тіркелу;
- оқу процесінің бекітілген кестесіне сәйкес жатақханада тұрғаны үшін ақы төлеу туралы түбіртек;
- шетелдік азаматтарға – төлқұжат, ҚР азаматтарына – жеке куәлік;
- мекен-жайы туралы анықтама;
- 4 дана фотосурет (3x4).

4.2 Жатақханада тұрғаны үшін ақы төлеу тәртібі мен мөлшері «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-сымен анықталған мөлшерде жүзеге асырылады. Төлем белгіленген тәртіпте жатақханаға кіргізген күннен - жатақханадан шығарған күнге дейін есептеледі. «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-сына қатысы жоқ себептер бойынша жатақханада тұрмаған жағдайда, тұрғындар тұрғаны үшін ақы төлеуден босатылмайды (дәлелсіз себептермен бір ай көлемінде).

4.3 Тұлғаларды тіркеу және құжат айналымы қағаз және электронды форматта жүзеге асырылуы мүмкін.

Университет әкімшілігі құжат айналымы үлгісі туралы шешіміді өз бетінше қабылдайды.

4.4 Келесі тұлғаларға жатақханада тұруға құқық беруден бас тартылады:

- студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарына қатысты бұрын жатақханадан шығару түріндегі тәртіптік жаза қолданғандарға немесе тұру нормалары мен тәртібін бұзғандығы үшін, жатақхананың ішкі тәртібін бұзғандығы үшін тәртіптік жазасы болғандарға.

4.5 3.1-тармақта көрсетілген тұлғаларды кіргізген кезде Осы ережемен және Келісім-шарт шарттарымен танысуға міндетті.

4.6 Тұрғын үй беру туралы өтініш берген тұлғаларға, тұратын орын болмаған кезде жатақханада тұруға рұқсат берілмеуі мүмкін.

4.7 Жыл сайын 15 маусымнан 02 тамызға дейін жатақханаларда жоспарлы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Осы кезеңде қауіпсіздік техникасының нормалары мен тазалық талаптарына сәйкес жатақханаларда тұруға тыйым салынады.

4.8 Жатақханалардан шығару жүзеге асырылады:

4.8.1 Жатақханалардан шығару себептері:

- тұрғынның өз қалауы бойынша;

- оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу жылын аяқтауы бойынша немесе «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ оқудан шығарылғанда;
- тәртіптік жазалау шараларын қолданған кезде;
- жатақханаға 1 айдан артық уақыт тұру ақысын төлемеген кезде;
- Жалдау келісім-шартының немесе еңбек шартының әрекет ету мерзімі біткенде;
- «ҚазҰТЗК» КЕАҚ ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де негіздер бойынша.

СЖБ Қызметкерлерді басқару департаментінің кадрлар бөліміне өз уақытында бөлім қызметкерімен еңбек шартын бұзғандығы туралы Департаменттің СЖБ хабарлауы үшін тұратын қызметкерлер туралы ақпараттар береді.

4.8.2 жатақханалардан шығару тәртібі:

- Жалға беру шартының әрекет ету мерзімі біткен кезде - Студенттік мәселелер жөніндегі департаментінің СЖБ Тіркеу кеңсесіне (бұдан әрі – ТК) жатақханада тұратын ҚазҰТЗУ білім алушылары жөнінде ақпараттарды ұсынады, олармен Шарт бұзылған жағдайда (Университеттен шығару туралы) СЖБ уақытында хабарлауы тиіс;

- Жатақханада тұру ережесін екі рет бұзған студент Университеттегі оқуы аяқталғанға дейін жатақханада тұру құқығынан айырылады. Білім алушыға 10 күн ішінде жатақханадан шығу туралы хабарлама беріледі.

4.9 оқу процесі кезінде өз қалауы бойынша жатақханадан шыққан кезде тұрғын шығатындығы туралы өтініш жазуға міндетті.

4.10 Кіргізетін күн анықталады:

- кіргізу туралы өтінішке Қаржы директоры, Департамент директоры мен СЖБ басшысының қол қойған күнмен белгіленеді;

4.11 жатақханаға тұруға жолдама алған тұлғалар рұқсат берілген уақыттан бастап 3 күн ішінде орналасуы тиіс;

4.12 «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ оқудан шығару туралы бұйрық шыққанда, жатақханадан шығару туралы шешім қабылданғанда, жатақханада тұру келісім-шартын бұзғанда/тоқтатқанда жатақханада тұратын студенттер оқу жылы аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбе күн ішінде келісім-шартты, қосымша жазбаша хабарландыру қағазсыз тұратын жерін босатуға міндетті;

4.12.1 «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ жатақханаларында Жалға беру шарты бойынша тұратын қызметкерлер «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ әкімшілігі жатақханада тұру келісім-шартын бұзу/тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде, сондай-ақ «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ тарапынан қосымша жазбаша хабарландырудан кейін 7 (жеті) күнтізбе күн ішінде тұратын жерін босатуға міндетті.

4.13 жатақханада тұратын студенттер оқу жылы аяқталған соң бөлмелерін тазалап өткізуге міндетті.

4.14 Шығарған кезде тұрғын кету қағазы бойынша материалдық-жауапты тұлғаға (жатақхана кастеляншасы мен СЖБ басшысы) жеке пайдалануға алған жайы мен мүліктерін таза және жөнделген түрінде тапсыруға, тұрғаны үшін

төлем бойынша қарыздарын өтеуге міндетті. Сонымен қатар мүліктік шығын келтірген жағдайда Департаменттің СЖБ «___», «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ әкімшілігі, Жастар ісі жөніндегі комитеті және Студенттер кеңесінің комиссиясы бағалаған материалдық шығынды өтеуі тиіс.

5 Ішкі тәртіп

5.1 жатақхана тұрғындары тұру және ішкі тәртіп ережесін сақтауға, қызметкерлер мен жатақхана тұрғындарына әдептілік көрсетуге, тазалық пен тәртіпті сақтауға міндетті.

5.2 жатақхана тұрғындары бөлмелердің санитариялық тазалығын сақтауға міндетті. Департаменттің СЖБ тексерісі кезінде бөлмелердің антисанитариялық күйі анықталған жағдайда, айыппұл салу туралы жазбаша ескерту беріледі.

5.3 жатақханада тұрғындары мен оларға келушілер үшін бақылау-кіргізу тәртібі белгіленеді. Жатақхана тұрғындары жатақхананың нөмірі көрсетілген байланыссыз карточка немесе рұқсатнама бойынша кіреді. Аталған құжат уақытша болмаған жағдайда, білім алушылар үшін рұқсатнама бекітілген тізім бойынша және жеке басын куәландыратын құжат арқылы жүзеге асырылады. Рұқсатнаманы жоғалтқан үшін ақы төлеу қолма-қол ақшасыз (банк арқылы) түбіртекті көрсету жолымен іске асырылады. Рұқсатнаманы жоғалтқан/бүлдірген жағдайда оны қалпына келтіру құны - 1000 теңге («Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 2018 жылғы 22 қаңтарда бекітілген). Рұқсатнаманы қалпына келтіру үшін студент 1000 теңге төлеуге міндетті.

Жатақханада тұратын студенттерге кіру – сағат 23.00-ге дейін рұқсат етіледі. Сағат 23.00-ден кейін жатақханаға кіруге рұқсат етілмейді.

Жатақханада тұратын қызметкерлер үшін кіру сағат 01:00-ге дейін. Ғимаратқа, сондай-ақ жатақхана аумағына кірген кезінде тұрғындар вахтерға рұқсатнамасын көрсетуге міндетті.

5.4 Келушілер, Шұғыл қызмет көрсету орталығының (бұдан әрі – ШҚКО) қызметкерлері Келушілерді тіркеу журналына оларды тіркегеннен кейін ғимаратқа, сондай-ақ жатақхана аймағына жіберілуі мүмкін. Келушілер тіркеген кезде жеке куәліктерін көрсетуге міндетті. Тұрғындар өздеріне келген қонақтарын күтіп алуға және шығарып салуға міндетті. Егер келушілер тұрғынға келіп, олар ғимаратта болмаған жағдайда, келушілердің жатақханаға кірулеріне рұқсат берілмеуі тиіс.

Жатақханада тұрмайтын қонақтар мен келушілердің жатақханаға келулеріне рұқсат етіледі:

білім алушыларға келушілер мен қонақтар үшін сағат 13.00-ден 17.00-ге дейін;

қызметкерлерге келушілер мен қонақтар үшін сағат 08.00-ден 23.00-ге дейін.

Келушілердің өз уақытында кетуіне және олардың Жатақханада тұру ережесін сақтауына оларды шақырған адам жауап береді.

Жатақханада тұратын магистранттар мен PhD докторанттарына қонақ және келушілер ретінде, тек олардың жақын туыстары мен басқа да студенттер жіберіледі. Жатақхана аймағына мас күйде келушілерді жіберуге тыйым салынады.

5.5 Жатақхананың әрбір қабатында секцияда және жалпы пайдаланылатын орындарды таза ұстау және тәртіпті бақылауға, ас үйде кезекшілік кестесінің орындалуын бақылауға, жатақхана мүлкіне тұрғындардың ұқыпты қарауын талап етуге, Жатақханада тұру ережесінің сақталуын қадағалауға міндетті етіп жауапты тұлға тағайындалады.

Тұрғындар белгіленген және бекітілген кезекшілік кестесі мен жауапты тұлғалардың талаптарын сақтауға міндетті.

5.6 Тұрғындар жатақхана әкімшілігінен қол қойдырып алған жеке және жалпы пайдаланатын мүліктері үшін жеке материалдық жауапты болады.

5.7 Тұрғындар жатақханаға кіргенге дейін Жатақханада тұру ережесі мен тәртібін белгілейтін құжаттармен танысуға міндетті. Жатақханада тұру ережесі, Орынды жалдау келісім-шарты, Өрт қауіпсіздігі ережесі мен жатақхананың өзге де ішкі құжаттары жатақхана ғимаратындағы жалпы қолжетімді жерлерге орналастырылады, Қ.И.Сәтбаев атындағы «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ сайтында да жалпы қолжетімді болып табылады.

5.8 Жатақханада тұратындар арасында тәрбие жұмысын жүргізу және тұрмыс, бос уақытын ұйымдастыру үшін Студенттер кеңесі сайланады. Жатақханадағы тәрбие, мәдени-көпшілік, спорттық және басқа да шаралар Студенттік мәселелер жөніндегі департаментінің СЖБ басшылығының келісімімен, студенттермен жұмыс үшін жауапты және Студенттер кеңесімен әзірленген жоспарға сәйкес өткізіледі.

5.9 Жатақханада тұру тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету, жабдықтарды, мүлікті, жиһаздарды, қатынас құралдарын тексеру, бөтен адамдарды анықтау мақсатында жатақхананың уәкілетті тұлғасы немесе ШҚҚО кезекші қызметкері тексеру болатыны жайлы алдын ала ескерте отырып, жатақхана жайы мен бөлмелеріне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру тұрғындардың қатысуымен жүргізіледі. Университет мүлкіне зиян келтіру, Жатақханада тұру ережесін бұзу деректерін тапқан кезде жатақхананың уәкілетті тұлғасы тиісті деректерді жазбаша белгілеп қояды және Департаменттің СЖБ басшылығына қарауға ұсынады.

5.10 Дератизация және дәрілеу жүргізу кезінде, сондай-ақ жедел жөндеу немесе жабдықтарды тексеруді жүзеге асыру (жою, апаттың бұрынырақ алдын алу) қажет болған кезде, жатақхана қызметкерлері тұрғын болмаған уақытта комиссиялық құрамда (кем дегенде 3 адам) тиісті акт жасауымен, бөлмеге кіруге құқылы. Төтенше жағдайларда (ТЖ, өрт, апаттық жағдайлар, террористік қауіп-қатер және т.б.) ШҚҚО мен СЖБ қызметкерлері үй-жай тұрғындары болған/болмағанына қарамастан кез келген уақытта барлық жатақхана жайларына кіруге құқылы.

5.11 Жатақханалардағы орындарды тиімді пайдалану мақсатында СЖБ басшылығы тұрғындарды басқа бөлмелерге/жатақханаларға көшіруге құқылы.

5.12 Жатақхана әкімшілігі тұрғындардың жеке заттарының сақталуына жауап бермейді.

5.13 Жатақхананың ішкі аймағына автомашиналармен кіруге және оларды қоюға үзілді-кесілді тыйым салынады. Қысқа уақытқа арнайы техниканың (коммуналдық, апаттық қызмет, жедел жәрдем және т.б.) кіруіне жол беріледі.

6 Жатақхана тұрғындарының құқығы мен міндеттері

6.1 Жатақханада тұратындар:

- жатақхана әкімшілігінен жүйе мен жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін талап етуге;

- жарамсыз болып қалған жиһаздарды, мүлік пен басқа да дүниелерді өз уақытында жөндеуге және ауыстыруға;

- Студенттер кеңесіне, жатақхана мен Университет басшылығына тұрмыстық жағдайларды жақсарту, бос уақытты ұйымдастыру және жатақханада тұруға қатысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

- Студенттер кеңесінің мүшелерін сайлауға және оның құрамына (студенттер үшін) сайлануға құқылы.

6.2 Жатақхана тұрғындары:

- Жатақханада тұру ережесін қатаң сақтауға;

- жатақхана мүлкіне ұқыпты қарауға (жайға, жабдықтарға, жиһаздар мен мүлікке, жатақхана аймағындағы көк жас көшеттерге және басқа да дүниелерге);

- жайда және жатақхана аймағында тазалықты сақтауға және таза ұстауға;

- жатақхана аймағындағы жинастыру, абаттандыру және көгалдандыру шараларына қатысуға;

- жатақханада электр энергиясын, суды үнемді жұмсауға;

- Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауға, жатақханада орнатылған электр аспаптарын пайдалану ережесін орындауға;

- жатақхана қызметкерлері мен басқа да тұрғындармен қарым-қатынаста әдептілік және адамгершілік нормаларын сақтауға, айналадағылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге, дәрекілік танытпауға;

- жатақханада оң психологиялық климатты сақтауға;

- Университеттің есеп шотына жатақханада тұру ақысын өз уақытында төлеуге;

- кіргізген кезде «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ төлқұжатшысына қажетті құжаттарды тіркеу (тіркелім) үшін беруге;

- жатақханадан шығарған кезде тұрғын Ереженің 4.8-тармағында белгіленген шығару тәртібін сақтауға міндетті.

6.3 Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:

- Өрт қауіпсіздігі ережесін, қауіпсіздік техникасын бұзуға және қайта салуға;
- өз бетімен көшуге, сондай-ақ бір бөлмеден екінші бөлмеге жиһаз бен мүлікті тасуға;
- жатақхана («ҚазҰТЗУ» КЕАҚ) жиһазын, мүлкін, жабдығы мен өзге де дүниесін жатақханадан шығаруға;
- өз сипаттамасы бойынша жатақхана тұрғындарының денсаулығы мен өміріне және «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ мүлкіне маңызды зиян келтіретін жатақханаға оқатар, суық, травматикалық және газ қару, оған оқ-дәрі, тез жанғыш, жарылғыш-қауіпті, улы заттарды, сондай-ақ өзге де заттар мен материалдарды әкелуге, сақтауға, қолдануға (пайдалануға);
- бөлменің кілтін үшінші, бөтен адамдарға беруге;
- жатақханада темекі шешуге, спиртті ішімдіктер, есірткі заттарын пайдалануға, жатақханаға алкогольге, есірткіге, токсикологиялық масайраған күйде келуге;
- ортақ пайдаланылатын орындарға масаң күйде келуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тиым салынған спиртті (алкогольді) ішімдіктерді, есірткі заттарын және өзге де заттарды жатақханаға әкелуге және сақтауға;
- қоғамдық тәртіпті бұзуға және қатысуға (физикалық зиян келтіруге);
- жатақханалар («ҚазҰТЗУ» КЕАҚ) мүлкіне зиян келтіруге;
- электр тартылымы, электр жабдықтары мен плиталарға өз бетінше жөндеу жүргізуге және қайта істеуге;
- бөлмелерде электрмен қыздырғыш құралдарды пайдалануға;
- сағат 23.00-ден кейін тыныштықты бұзуға;
- бөтен адамдарды түнде қалдыруға;
- жатақхана жайына үй жануарлары мен құстарды кіргізуге және ұстауға;
- жатақхана басшыларына хабарламай үш күннен артық жоқ болуға;
- «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Ішкі тәртіп ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын бұзуға.

7 Жауапкершілік және тәртіптік жазалау шаралары

7.1 Тұрғындар жатақхана мүлкін бүлдіріп немесе құртқанда, жатақхана мүлкіне толық мөлшерде зиян келтірілгенде келтірілген залалдың орнын толығымен толтыруға міндетті.

7.2 Жатақханада тұру ережесін бұзғандығы үшін тұрғындарға келесідей тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жатақханадан шығару.

Өткен кезеңнің ішінде құқық, академиялық бұзушылық пен жазалаулары бар магистранттар мен PhD докторанттарына университет келесі оқу жылында жатақханалардан орын беруден бас тартуға құқылы.

7.3 Осы ереженің орындалуына бақылау жасау Студенттік мәселелер жөніндегі департаментінің Студенттік жатақханалар басқармасына жүктелсін.

Нұсқаулықпен таныстым:

_____ (қолы) (қолдың мағынасын ашу) (күні)

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Негіз (құжатқа сілтеме)	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламан ың нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
					Күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы